**Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығының параметрлерін ( коэффициенттерін), олардың шекті мәндерін айқындау және Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығы параметрлерінің (коэффициенттерінің) шекті мәндерін есептеу әдістемесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 19 маусымдағы № 117 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 19 маусымда № 32845 болып тіркелді

"Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығының мынадай параметрлері (коэффициенттері):

1) бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті;

2) екінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті;

3) борыштық жүктеме деңгейі айқындалсын.

2. Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығы параметрлерінің ( коэффициенттерінің) мынадай шекті мәндері:

1) бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті кемінде 0,08;

2) екінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті кемінде 0,10;

3) борыштық жүктеме деңгейі 7:1 аспайтын мөлшерде айқындалсын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығы параметрлерінің (коэффициенттерінің) шекті мәндерін есептеу әдістемесі бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Экономика және қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі* | *А. Куантыров* |

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 19 маусымдағы
№ 117 Бұйрығымен
бекітілді

**Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығы параметрлерінің (коэффициенттерінің) шекті мәндерін есептеу әдістемесі**

## 1-тарау. Негізгі ережелер

1. Осы Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығы параметрлерінің (коэффициенттерінің) шекті мәндерін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстанның Даму Банкінің (бұдан әрі – банк) бірінші және екінші деңгейдегі капиталының жеткіліктілік коэффициенттерінің шекті мәндерін, сондай-ақ борыштық жүктемесінің деңгейін есептеуге арналған.

## 2-тарау. Бірінші және екінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін есептеу

2. Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттеріне:

1) бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (бұдан әрі – КЖК 1);

2) екінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (бұдан әрі – КЖК 2) жатады.

3. Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін есептеу үшін:

1) бірінші деңгейдегі меншікті капитал (бұдан әрі – 1-деңгейдегі капитал);

2) екінші деңгейдегі меншікті капитал (бұдан әрі – 2-деңгейдегі капитал);

3) тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер пайдаланылады.

4. 1-деңгейдегі капитал:

1) сатып алынған меншікті акциялар алып тасталып төленген жарғылық капитал;

2) қосымша капитал;

3) өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі (оның ішінде өткен жылдардың таза кірісі есебінен қалыптасқан қорлар, резервтер);

4) резервтік капитал;

5) көзделмеген шығыстарды өтейтін резервтер сомалары ретінде есептеледі, олардан:

6) материалдық емес активтер;

7) өткен жылдардың шығындары;

8) ағымдағы жылдың шығындары алып тасталады.

5. 2-деңгейдегі капитал:

1) ағымдағы жылғы бөлінбеген таза кіріс мөлшерінің;

2) негізгі қаражат пен бағалы қағаздарды қайта бағалау резервінің;

3) гибридтік құралдардың (капитал мен борыш сипаттамалары бар құралдардың);

4) 1-деңгейдегі капитал сомасының елу пайызынан аспайтын сомада 5 жылдан астам мерзімге банктің реттелген борышының сомалары ретінде есептеледі,

олардан:

5) банктің сатып алынған меншікті реттелген борышы алып тасталады.

6. Банктің реттелген борышы – банктің қамтамасыз етілмеген міндеттемесі, ол мынадай шарттарға сәйкес келеді:

1) ұсынушының салымы не міндеттемесі болып табылмайды;

2) банктің немесе онымен үлестес тұлғалардың талаптары бойынша кепілді қамтамасыз ету болып табылмайды;

3) банкті тарату кезінде "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-2-бабында белгіленген мәжбүрлеп таратылатын банк кредиторларының талаптарын қанағаттандырудың кезектілігіне сәйкес банк мерзімсіз қаржы құралдары бойынша міндеттемелерін орындағанға дейін қанағаттандырылады;

4) банк өтейді (толық немесе ішінара), оның ішінде банктің бастамасы бойынша ғана мерзімінен бұрын өтеледі, мұндай жағдайда банктің уәкілетті органының қорытындысына сәйкес мұндай өтеу кейіннен банктің осы Әдістемеде айқындалатын капитал жеткіліктілігі коэффициенттерін сақтамауына әкеп соқтырмайды.

Меншікті капиталға қосылатын банктің реттелген борышы – бұл тарту мерзімі борышты өтеу басталғанға дейін бес жылдан артық болатын реттелген борыш.

Банктің реттелген борышы банктің меншікті капиталын есептеуге:

борышты өтеу басталғанға дейін бес жылдан астам мерзім ішінде – борыштың толық сомасында,

борышты өтеу басталғанға дейін қалған бес жылдың ішінде:

1-жыл – реттелген борыш сомасының 100 пайызы;

2-жыл – реттелген борыш сомасының 80 пайызы;

3-жыл – реттелген борыш сомасының 60 пайызы;

4-жыл – реттелген борыш сомасының 40 пайызы;

5-жыл – реттелген борыш сомасының 20 пайызы кіреді.

Егер шартта мұндай өтеудің банктің қаржылық жағдайының нашарлауына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзуға әкелмеуі шартымен қарыз алушының бастамасы бойынша қарызды мерзімінен бұрын өтеу ( толық немесе ішінара) мүмкіндігі көзделсе, 3) тармақшаны қоспағанда, осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін, Еуропа Қайта Құру Даму Банкінен немесе Азия Даму Банкінен не Халықаралық қаржы корпорациясынан тартылған қарыз да банктің реттелген борышы болып танылады.

Егер шартта қарыз алушының не акционердің бастамасы бойынша қарызды мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) өтеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына және/немесе банктің осы әдістемеде айқындалатын

капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін сақтамауына әкеп соқтырмауға тиіс екендігі көзделген жағдайда банктің акционерінен тартылған, 6-тармақтың 4) тармақшасын қоспағанда, осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін қарыз да банктің реттелген борышы болып танылады.

7. Гибридтік құралдарға (капитал мен борыш сипаттамалары бар құралдар) мынадай сипаттамалары бар құралдар жатады:

1) құрал қамтамасыз етілмеген, реттелген және толық төленген болып табылады;

2) ұстаушының бастамасымен және/немесе реттеуші органның келісімінсіз өтеуге жатпайды;

3) банк тарапынан сауда-саттықты міндетті тоқтата тұрусыз шығындарды өтеу үшін пайдаланылады (дәстүрлі реттелген борыштарға қарағанда);

4) сыйақы төлеу міндеттемелеріне қарамастан, егер банктің кірістілігі бұған мүмкіндік бермеген жағдайда төлемдер жүргізілмейді.

8. 2-деңгейдегі капитал 1-деңгейдегі капиталдың 100%-ынан аспауға тиіс.

9. Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті төмендегідей есептеледі:

КЖК 1= 1-деңгейдегі капитал/тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер;

КЖК 2 = 1-деңгейдегі капитал + 2-деңгейдегі капитал/тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер.

10. Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтерді есептеу осы әдістемеге 1-қосымшада көрсетілген салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген банк активтерінің кестесіне (бұдан әрі – контрагенттің санатына сәйкес келетін тәуекел дәрежесі) сәйкес жүзеге асырылады.

11. Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенетін шартты және ықтимал міндеттемелер осы әдістемеге 2-қосымшада көрсетілген банктің кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесіне сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының банк кредиттік тәуекелдерге ұшырайтын контрагенттің санатына сәйкес келетін тәуекел дәрежесіне көбейтіндісі ретінде айқындалады.

12. КЖК 1 және КЖК 2 коэффициенттерін есептеу мақсаттарына арналған активтер мен КЖК 1 мен КЖК 2 коэффициенттерін есептеуге қабылданатын тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер алып тасталып енгізіледі.

13. Осы әдістеменің мақсаттары үшін Standard&Poor's агенттігінің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағалауынан басқа Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің (бұдан әрі – рейтингтік агенттіктер) ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағалауы да танылады.

14. Нарықтық тәуекелдерді өтеу үшін капиталға қойылатын талаптар банктің валюталық және пайыздық тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарына сәйкес есептелген айлық валюталық және айлық пайыздық тәуекелдер сомасы ретінде айқындалады.

15. Операциялық тәуекелді өтеу үшін капиталға қойылатын талап банктің операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

16. Тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасына нарықтық және операциялық тәуекелдерді өтеуге арналған, 8,3-ке көбейтілген капиталға қойылатын талаптар да қосылады.

## 3-тарау. Борыштық жүктеме деңгейін есептеу

17. Борыштық жүктеме деңгейі төмендегідей есептеледі:

Борыштық жүктеме деңгейі банктің меншікті капиталына бөлінген банктің жиынтық борышына (міндеттемелеріне) тең.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалатын шоғырландырылған негіздегі міндеттемелердің жалпы сомасы жиынтық борыш деп түсініледі.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалатын шоғырландырылған негіздегі банк капиталының мөлшері меншікті капитал деп түсініледі.

## 4-тарау. Қорытынды ережелер

18. Бірінші және екінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің шекті мәндерін, сондай-ақ борыштық жүктеме деңгейін есептеу үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептілік пайдаланылады.

19. Банк акционері қаржылық тұрақтылық параметрлерін (коэффициенттерін) қолдау аясында банк қызметін бақылау тетіктері қамтылған ішкі актілерді бекітеді. Банктің директорлар кеңесі банк тәуекелдерін корпоративтік басқару жүйесін ішкі бақылауды қалыптастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның Даму Банкінің
қаржылық тұрақтылығы
параметрлерінің
(коэффициенттерінің) шекті
мәндерін
есептеу әдістемесіне
1-қосымша

## Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген банк активтерінің кестесі

| Р/с | Баптардың атауы | Тәуекел дәрежесі %-бен |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| І топ | | |
| 1 | Қолма-қол теңге | 0 |
| 2 | Standard&Poor's агенттігінің "АА-" -дан төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің қолма-қол шетелдік валютасы | 0 |
| 3 | Тазартылған бағалы металдар | 0 |
| 4 | Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілген қарыздар | 0 |
| 5 | Standard&Poor's агенттігінің "АА-" -дан төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар | 0 |
| 6 | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілген қарыздар | 0 |
| 7 | Standard&Poor's агенттігінің "АА-" -дан төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар | 0 |
| 8 | Standard&Poor's агенттігінің "АА-" -дан төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар | 0 |
| 9 | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар | 0 |
| 10 | Standard&Poor's агенттігінің "АА-" -дан төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар | 0 |
| 11 | Standard&Poor's агенттігінің "АА-" -дан төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған | 0 |

| | | |
|---|---|---|
| | ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар | |
| 12 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің дебиторлық берешегі | 0 |
| 13 | Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер бойынша дебиторлық берешегі | 0 |
| 14 | Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары | 0 |
| 15 | "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Проблемалық кредиттер қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамдары шығарған бағалы қағаздар | 0 |
| 16 | Standard&Poor's агенттігінің "AA-" -дан төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар | 0 |
| 17 | Standard&Poor's агенттігінің "AA-" -дан төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар | 0 |
| 18 | Тәуекелдің I тобына жатқызылған активтер бойынша есептелген сыйақы | 0 |
| II топ | | |
| 19 | Standard&Poor's агенттігінің "AA-" -дан төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ елдердің қолма-қол шетелдік валютасы | 20 |
| | Standard&Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-"-ға дейінгі тәуелсіз | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 20 | рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар | 20 | |
| 21 | Standard&Poor's агенттігінің "А+"-дан "А-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар | 20 | |
| 22 | Standard&Poor's агенттігінің "А+"-дан "А-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар | 20 | |
| 23 | Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарына берілген қарыздар | 20 | |
| 24 | Standard&Poor's агенттігінің "АА-"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар | 20 | |
| 25 | Standard&Poor's агенттігінің "АА-"-дан төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдарға берілген қарыздар | 20 | |
| 26 | Standard&Poor's агенттігінің "А+"-дан "А-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар | 20 | |
| 27 | Standard&Poor's агенттігінің "А+"-дан "А-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар | 20 | |
| | Standard&Poor's агенттігінің "АА-"-дан төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе басқа | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 28 | рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдардағы салымдар | 20 | |
| 29 | Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының тәуекелдің I тобына жатқызылған дебиторлық берешегін қоспағанда, дебиторлық берешегі | 20 | |
| 30 | Standard&Poor's агенттігінің "AA-" -дан төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі | 20 | |
| 31 | Standard&Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар | 20 | |
| 32 | Standard&Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар | 20 | |
| 33 | Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар | 20 | |
| 34 | Standard&Poor's агенттігінің "AA-" -дан төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар | 20 | |
| 35 | Standard&Poor's агенттігінің "AA-" -дан төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар | 20 | |
| 36 | "Қазақстан тұрғын үй компаниясы " акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар | 20 | |

| | | |
|---|---|---|
| 37 | Тәуекелдің II тобына жатқызылған активтер бойынша есептелген сыйақы | 20 |
| III топ | | |
| 38 | Тазартылмаған бағалы металдар | |
| 39 | Standard&Poor's агенттігінің "BBB +"-дан "BBB-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар | |
| 40 | Standard&Poor's агенттігінің "BBB +"-дан "BBB-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар | |
| 41 | Standard&Poor's агенттігінің "BBB +"-дан "BBB-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар | |
| 42 | Standard&Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар | |
| 43 | Standard&Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдарға берілген қарыздар | |
| 44 | Standard&Poor's агенттігінің "BBB +"-дан "BBB-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар | |
| | Standard&Poor's агенттігінің "BBB +"-дан "BBB-"-ға дейінгі тәуелсіз | |

| | | |
|---|---|---|
| 45 | рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар | |
| 46 | Standard&Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдардағы салымдар | |
| 47 | Standard&Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі | |
| 48 | Standard&Poor's агенттігінің "BBB +"-дан "BBB-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар | |
| 49 | Standard&Poor's агенттігінің "BBB +"-дан "BBB-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар | |
| 50 | Standard&Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар | |
| 51 | Standard&Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар | |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 52 | Тәуекелдің III тобына жатқызылған активтер бойынша есептелген сыйақы | | |
| IV топ | | | |
| 53 | Standard&Poor's агенттігінің "BB+"-дан "B-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар | 100 | |
| 54 | Standard&Poor's агенттігінің "BB+"-дан "B-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар | 100 | |
| 55 | Standard&Poor's агенттігінің "BB+"-дан "B-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарына және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар | 100 | |
| 56 | Standard&Poor's агенттігінің "BBB+"-дан "BB-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар | 100 | |
| 57 | Standard&Poor's агенттігінің "A-"-дан төмен борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент ұйымдарға, тиісті рейтингтік бағалауы жоқ резидент ұйымдарға және Standard&Poor's агенттігінің "BBB+"-дан "BB-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік | 100 | |

| | | |
|---|---|---|
| | агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент емес ұйымдарға берілген қарыздар | |
| 58 | Standard&Poor's агенттігінің "BB+"-дан "B-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ елдердің орталық банктеріндегі салымдар | 100 |
| 59 | Standard&Poor's агенттігінің "BB+"-дан "B-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар | 100 |
| 60 | Standard&Poor's агенттігінің "A-"-дан төмен борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент ұйымдардағы, тиісті рейтингтік бағалауы жоқ резидент ұйымдардағы және Standard& Poor's агенттігінің "BBB+"-дан "BB-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент емес ұйымдардағы салымдар | 100 |
| 61 | Standard&Poor's агенттігінің "A-"-дан төмен борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент ұйымдардың, тиісті рейтингтік бағалауы жоқ резидент ұйымдардың және Standard&Poor's агенттігінің "BBB+"-дан "BB-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент емес ұйымдардың дебиторлық берешегі | 100 |

| | | |
|---|---|---|
| 62 | Жеке тұлғалардың дебиторлық берешегі | 100 |
| 63 | Standard&Poor's агенттігінің "ВВВ +"-дан "ВВ-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар | 100 |
| 64 | Standard&Poor's агенттігінің "ВВВ +"-дан "ВВ-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар | 100 |
| 65 | Standard&Poor's агенттігінің "ВВВ +"-дан "ВВ-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдары және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар | 100 |
| 66 | Standard&Poor's агенттігінің "А-"-дан төмен борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент ұйымдар, тиісті рейтингтік бағалауы жоқ резидент ұйымдар және Standard&Poor's агенттігінің "ВВВ+"-дан "ВВ-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент емес ұйымдар шығарған бағалы қағаздар | 100 |
| 67 | "Стрестік активтер қоры" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясы шығарған бағалы қағаздар | 100 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 68 | Тәуекелдің IV тобына жатқызылған активтер бойынша есептелген сыйақы | 100 |
| 69 | Төлемдер бойынша есеп-қисаптар | 100 |
| 70 | Негізгі қаражат | 100 |
| 71 | Материалдық запастар | 100 |
| 72 | Сыйақы мен шығыстар сомасының алдын ала төлемі | 100 |
| V топ | | |
| 73 | Банк инвестицияларын қоспағанда , заңды тұлғалардың реттелген борыштарына акциялар ( жарғылық капиталға қатысу үлестері) мен салымдар бөлігінде ескерілетін әділ құн бойынша инвестициялар | 100 |
| 74 | Банктің негізгі қызметінің мақсаты үшін сатып алынған және 38-халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес келетін лицензиялық бағдарламалық қамтылым | 100 |
| 75 | Standard&Poor's агенттігінің "В-"-дан төмен тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар | 150 |
| 76 | Standard&Poor's агенттігінің "В-"-дан төмен тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар | 150 |
| 77 | Standard&Poor's агенттігінің "В-"-дан төмен борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар | 150 |
| 78 | Standard&Poor's агенттігінің "ВВ-" -дан төмен тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар | 150 |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 79 | Standard&Poor's агенттігінің "BB-" -дан төмен борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент емес ұйымдарға және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ резидент емес ұйымдарға берілген қарыздар | 150 | |
| | Төменде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместеріне берілген қарыздар: | | |
| | 1) Андорра Князідігі; | | |
| | 2) Антигуа және Барбуда мемлекеті; | | |
| | 3) Багам аралдарының Достастығы; | | |
| | 4) Барбадос мемлекеті; | | |
| | 5) Бахрейн мемлекеті; | | |
| | 6) Белиз мемлекеті; | | |
| | 7) Бруней Даруссалам мемлекеті; | | |
| | 8) Вануату Республикасы; | | |
| | 9) Гватемала Республикасы; | | |
| | 10) Гренада мемлекеті; | | |
| | 11) Джибути Республикасы; | | |
| | 12) Доминикан Республикасы; | | |
| | 13) Индонезия Республикасы; | | |
| | 14) Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана); | | |
| | 15) Кипр Республикасы; | | |
| | 16) Қытай Халық Республикасы ( Аомынь (Макао) және Сянган ( Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана); | | |
| | 17) Комор Аралдары Федералды Ислам Республикасы; | | |
| | 18) Коста-Рика Республикасы; | | |
| | 19) Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана ); | | |
| | 20) Либерия Республикасы; | | |
| | 21) Лихтенштейн Князідігі; | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 80 | 22) Маврикий Республикасы;<br>23) Португалия (Мадейра аралдарының аумағы бөлігінде ғана);<br>24) Мальдив Республикасы;<br>25) Мальта Республикасы;<br>26) Маршалл аралдары Республикасы;<br>27) Монако Княздігі;<br>28) Мьянма Одағы;<br>29) Науру Республикасы;<br>30) Нидерланд (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана);<br>31) Нигерия Федеративтік Республикасы;<br>32) Жаңа Зеландия (Кука және Ниуэ аралдары аумағының бөлігінде ғана);<br>33) Біріккен Араб Әмірліктері (Дубай қаласының аумағы бөлігінде ғана);<br>34) Палау Республикасы;<br>35) Панама Республикасы;<br>36) Самоа Тәуелсіз Мемлекеті;<br>37) Сейшел аралдары Республикасы;<br>38) Сент-Винсент және Гренадин мемлекеті;<br>39) Сент-Китс және Невис Федерациясы;<br>40) Сент-Люсия мемлекеті;<br>41) Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі (мына аумақтардың бөлігінде ғана):<br>Ангилья аралдары;<br>Бермуд аралдары;<br>Британдық Виргин аралдары;<br>Гибралтар;<br>Кайман аралдары;<br>Монтсеррат аралы;<br>Теркс және Кайкос аралдары;<br>Мэн аралы; | 150 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары) ; | | |
| | 42) Америка Құрама Штаттары ( Американдық Виргин аралдарының, Гуам аралының және Пуэрто-Рико достастығының аумақтары бөлігінде ғана); | | |
| | 43) Тонга Корольдігі; | | |
| | 44) Филиппин Республикасы; | | |
| | 45) Шри-Ланка Демократиялық Республикасы | | |
| 81 | Standard&Poor's агенттігінің "B-"-дан төмен тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар | 150 | |
| 82 | Standard&Poor's агенттігінің "B-"-дан төмен борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар | 150 | |
| 83 | Standard&Poor's агенттігінің "BB-" -дан төмен борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент емес ұйымдардағы және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ резидент емес ұйымдардағы салымдар | 150 | |
| | Төменде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарындағы салымдар: | | |
| | 1) Андорра Княздігі; | | |
| | 2) Антигуа және Барбуда мемлекеті; | | |
| | 3) Багам аралдарының Достастығы; | | |
| | 4) Барбадос мемлекеті; | | |
| | 5) Бахрейн мемлекеті; | | |
| | 6) Белиз мемлекеті; | | |
| | 7) Бруней Даруссалам мемлекеті; | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 8) Вануату Республикасы; | | |
| | 9) Гватемала Республикасы; | | |
| | 10) Гренада мемлекеті; | | |
| | 11) Джибути Республикасы; | | |
| | 12) Доминикан Республикасы; | | |
| | 13) Индонезия Республикасы; | | |
| | 14) Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана); | | |
| | 15) Кипр Республикасы; | | |
| | 16) Қытай Халық Республикасы ( Аомынь (Макао) және Сянган ( Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана); | | |
| | 17) Комор Аралдары Федералды Ислам Республикасы; | | |
| | 18) Коста-Рика Республикасы; | | |
| | 19) Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана ); | | |
| | 20) Либерия Республикасы; | | |
| | 21) Лихтенштейн Князідігі; | | |
| | 22) Маврикий Республикасы; | | |
| | 23) Португалия (Мадейра аралдарының аумағы бөлігінде ғана); | | |
| | 24) Мальдив Республикасы; | | |
| | 25) Мальта Республикасы; | | |
| | 26) Маршалл аралдары Республикасы; | | |
| | 27) Монако Князідігі; | | |
| 84 | 28) Мьянма Одағы; | 150 | |
| | 29) Науру Республикасы; | | |
| | 30) Нидерланд (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана); | | |
| | 31) Нигерия Федеративтік Республикасы; | | |
| | 32) Жаңа Зеландия (Кука және Ниуэ аралдарының аумағы бөлігінде ғана); | | |
| | 33) Біріккен Араб Әмірліктері ( Дубай қаласының аумағы бөлігінде ғана); | | |
| | 34) Палау Республикасы; | | |
| | 35) Панама Республикасы; | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 36) Самоа Тәуелсіз Мемлекеті; | | |
| | 37) Сейшел аралдары Республикасы; | | |
| | 38) Сент-Винсент және Гренадин мемлекеті; | | |
| | 39) Сент-Китс және Невис Федерациясы; | | |
| | 40) Сент-Люсия мемлекеті; | | |
| | 41) Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі (мына аумақтардың бөлігінде ғана): | | |
| | Ангилья аралдары; | | |
| | Бермуд аралдары; | | |
| | Британ Виргин аралдары; | | |
| | Гибралтар; | | |
| | Кайман аралдары; | | |
| | Монтсеррат аралы; | | |
| | Теркс және Кайкос аралы; | | |
| | Мэн аралы; | | |
| | Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары); | | |
| | 42) Америка Құрама Штаттары (Американдық Виргин аралдарының, Гуам аралының және Пуэрто-Рико достастығының аумақтары бөлігінде ғана); | | |
| | 43) Тонга Корольдігі; | | |
| | 44) Филиппин Республикасы; | | |
| | 45) Шри-Ланка Демократиялық Республикасы | | |
| 85 | Standard&Poor's агенттігінің "BB-"-дан төмен борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент емес ұйымдардың және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ резидент емес ұйымдардың дебиторлық берешегі | 150 | |
| | Төменде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарының дебиторлық берешегі: | | |
| | 1) Андорра Князьдігі; | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 86 | 2) Антигуа және Барбуда мемлекеті;<br>3) Багам аралдарының Достастығы;<br>4) Барбадос мемлекеті;<br>5) Бахрейн мемлекеті;<br>6) Белиз мемлекеті;<br>7) Бруней Даруссалам мемлекеті;<br>8) Вануату Республикасы;<br>9) Гватемала Республикасы;<br>10) Гренада мемлекеті;<br>11) Джибути Республикасы;<br>12) Доминикан Республикасы;<br>13) Индонезия Республикасы;<br>14) Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана);<br>15) Кипр Республикасы;<br>16) Қытай Халық Республикасы ( Аомынь (Макао) және Сянган ( Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана);<br>17) Комор Аралдары Федералды Ислам Республикасы;<br>18) Коста-Рика Республикасы;<br>19) Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана );<br>20) Либерия Республикасы;<br>21) Лихтенштейн Княздігі;<br>22) Маврикий Республикасы;<br>23) Португалия (Мадейра аралдарының аумағы бөлігінде ғана);<br>24) Мальдив Республикасы;<br>25) Мальта Республикасы;<br>26) Маршалл аралдары Республикасы;<br>27) Монако Княздігі;<br>28) Мьянма Одағы;<br>29) Науру Республикасы;<br>30) Нидерланд (Аруба аралы аумағының және Антиль аралдарының тәуелді аумақтарының бөлігінде ғана); | 150 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 31) Нигерия Федеративтік Республикасы; | | |
| | 32) Жаңа Зеландия (Кука және Ниуэ аралдарының аумағы бөлігінде ғана); | | |
| | 33) Біріккен Араб Әмірліктері ( Дубай қаласының аумағы бөлігінде ғана); | | |
| | 34) Палау Республикасы; | | |
| | 35) Панама Республикасы; | | |
| | 36) Самоа Тәуелсіз Мемлекеті; | | |
| | 37) Сейшел аралдары Республикасы; | | |
| | 38) Сент-Винсент және Гренадин мемлекеті; | | |
| | 39) Сент-Китс және Невис Федерациясы; | | |
| | 40) Сент-Люсия мемлекеті; | | |
| | 41) Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі ( мына аумақтардың бөлігінде ғана) : | | |
| | Ангилья аралдары; | | |
| | Бермуд аралдары; | | |
| | Британ Виргин аралдары; | | |
| | Гибралтар; | | |
| | Кайман аралдары; | | |
| | Монтсеррат аралы; | | |
| | Теркс және Кайкос аралдары; | | |
| | Мэн аралы; | | |
| | Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары) ; | | |
| | 42) Америка Құрама Штаттары ( Американдық Виргин аралдарының, Гуам аралының және Пуэрто-Рико достастығының аумақтары бөлігінде ғана); | | |
| | 43) Тонга Корольдігі; | | |
| | 44) Филиппин Республикасы; | | |
| | 45) Шри-Ланка Демократиялық Республикасы | | |
| 87 | Standard&Poor's агенттігінің "B-"-дан төмен тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар | 150 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | елдердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздар | | |
| 88 | Standard&Poor's агенттігінің "BB-" -дан төмен тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар | 150 | |
| 89 | Standard&Poor's агенттігінің "B-"-дан төмен борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар | 150 | |
| 90 | Standard&Poor's агенттігінің "BB-" -дан төмен борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент емес ұйымдар және тиісті рейтингтік бағалауы жоқ резидент емес ұйымдар шығарған бағалы қағаздар | 150 | |
| | Төменде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдары шығарған бағалы қағаздар: | | |
| | 1) Андорра Князідігі; | | |
| | 2) Антигуа және Барбуда мемлекеті; | | |
| | 3) Багам аралдарының Достастығы; | | |
| | 4) Барбадос мемлекеті; | | |
| | 5) Бахрейн мемлекеті; | | |
| | 6) Белиз мемлекеті; | | |
| | 7) Бруней Даруссалам мемлекеті; | | |
| | 8) Вануату Республикасы; | | |
| | 9) Гватемала Республикасы; | | |
| | 10) Гренада мемлекеті; | | |
| | 11) Джибути Республикасы; | | |
| | 12) Доминикан Республикасы; | | |
| | 13) Индонезия Республикасы; | | |
| | 14) Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана); | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 91 | 15) Кипр Республикасы;<br>16) Қытай Халық Республикасы ( Аомынь (Макао) және Сянган ( Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана);<br>17) Комор Аралдары Федералды Ислам Республикасы;<br>18) Коста-Рика Республикасы;<br>19) Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана );<br>20) Либерия Республикасы;<br>21) Лихтенштейн Князьдігі;<br>22) Маврикий Республикасы;<br>23) Португалия (Мадейра аралдарының аумағы бөлігінде ғана);<br>24) Мальдив Республикасы;<br>25) Мальта Республикасы;<br>26) Маршалл аралдары Республикасы;<br>27) Монако Князьдігі;<br>28) Мьянма Одағы;<br>29) Науру Республикасы;<br>30) Нидерланд (Аруба аралы аумағының және Антиль аралдарының тәуелді аумақтарының бөлігінде ғана);<br>31) Нигерия Федеративтік Республикасы;<br>32) Жаңа Зеландия (Кука және Ниуэ аралдарының аумағы бөлігінде ғана);<br>33) Біріккен Араб Әмірліктері ( Дубай қаласының аумағы бөлігінде ғана);<br>34) Палау Республикасы;<br>35) Панама Республикасы;<br>36) Самоа Тәуелсіз Мемлекеті;<br>37) Сейшел аралдары Республикасы;<br>38) Сент-Винсент және Гренадин мемлекеті;<br>39) Сент-Китс және Невис Федерациясы; | 150 | |

| | | |
|---|---|---|
| | 40) Сент-Люсия мемлекеті; | |
| | 41) Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі ( мына аумақтардың бөлігінде ғана) : | |
| | Ангилья аралдары; | |
| | Бермуд аралдары; | |
| | Британ Виргин аралдары; | |
| | Гибралтар; | |
| | Кайман аралдары; | |
| | Монтсеррат аралы; | |
| | Теркс және Кайкос аралдары; | |
| | Мэн аралы; | |
| | Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары) ; | |
| | 42) Америка Құрама Штаттары ( Американдық Виргинаралдары, Гуам аралы және Пуэрто-Рико достастығы аумақтарының бөлігінде ғана); | |
| | 43) Тонга Корольдігі; | |
| | 44) Филиппин Республикасы; | |
| | 45) Шри-Ланка Демократиялық Республикасы | |
| 92 | Тәуекелдің V тобына жатқызылған активтер бойынша есептелген сыйақы | 150 |

Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығы параметрлерінің (коэффициенттерінің) шекті мәндерін есептеу әдістемесіне 2-қосымша

## Банктің кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесі

| **Р/с** | **Баптардың атауы** | **Конверсия коэффициенті %-бен** |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| I топ | | |
| | Банк кепілдері мен кепілдіктері, олар бойынша міндеттемелер:<br>Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, " Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, " | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының, Standard&Poor's агенттігінің "АА-" деңгейіндегі және одан жоғары деңгейдегі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің қарсы кепілдерімен (кепілдіктерімен); банк иелігіне берілген ақшамен немесе тазартылған бағалы металдармен; Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының, Standard&Poor's агенттігінің "АА-"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің бағалы қағаздарымен толық қамтамасыз етілген | 0 | |
| 2 | Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздарды, Standard&Poor's агенттігінің "АА-" деңгейіндегі және одан жоғары деңгейдегі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктері шығарған бағалы қағаздарды, өтімділігі жоғары өзге бағалы қағаздарды сатып алу не сату бойынша шартты (ықтимал) міндеттемелер | 0 | |
| | Банк аккредитивтері: банктің қаржылық міндеттемелерінсіз; | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | олар бойынша міндеттемелер: Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының, Standard&Poor's агенттігінің "АА -"деңгейіндегі немесе одан жоғары деңгейдегі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің кепілдерімен (кепілдіктерімен); Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының, Standard&Poor's агенттігінің "АА -" деңгейіндегі және одан жоғары деңгейдегі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің бағалы қағаздарымен; банк иелігіне берілген ақшамен немесе тазартылған бағалы металдармен қамтамасыз етілген | 0 | |
| 4 | Болашақта банктің талабы бойынша кез келген кезде жойылуға жататын банктің қарыздар мен салымдарды орналастыру бойынша ықтимал (шартты) міндеттемелері | 0 | |
| 5 | Банк болашақта алатын қарыздар мен салымдар бойынша ықтимал (шартты) міндеттемелер | 0 | |
| 6 | Еншілес компаниялар арқылы сыртқы қарыздарды тарту және банктің борыштық міндеттемелерін орналастыру | 0 | |

| | | |
|---|---|---|
| | кезінде банктің олардың пайдасына берілген банк кепілдері мен кепілдіктері | |
| 7 | Берілген қарызды қамтамасыз ету үшін банк қабылдаған кепілдер | 0 |
| II топ | | |
| 8 | Банктің болашақта өтеу мерзімі 1 жылдан аз қарыздар мен салымдарды орналастыру жөніндегі ықтимал (шартты) міндеттемелері | 20 |
| 9 | Банк кепілдері мен кепілдіктері, олар бойынша міндеттемелер: Standard&Poor's агенттігінің "А-"-дан "АА-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің қарсы кепілдерімен ( кепілдіктерімен); Standard&Poor's агенттігінің "А-"-дан "АА-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің бағалы қағаздарымен толық қамтамасыз етілген | 20 |
| 10 | Банк аккредитивтері, олар бойынша міндеттемелер: Standard &Poor's агенттігінің "А-"-дан "АА-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің кепілдерімен ( кепілдіктерімен); Standard&Poor's агенттігінің "АА-" деңгейіндегі және одан жоғары деңгейдегі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар банктердің кепілдерімен (кепілдіктерімен); Standard&Poor's агенттігінің "А-"-дан "АА-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа | 20 |

| | | |
|---|---|---|
| | рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің бағалы қағаздарымен; Standard&Poor's агенттігінің "AA-" деңгейіндегі және одан жоғары деңгейдегі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар банктердің бағалы қағаздарымен толық қамтамасыз етілген | |
| III топ | | |
| 11 | Банктің болашақта өтеу мерзімі 1 жылдан астам қарыздар мен салымдарды орналастыру жөніндегі ықтимал (шартты) міндеттемелері | 50 |
| 12 | Банк кепілдері мен кепілдіктері, олар бойынша міндеттемелер: Standard&Poor's агенттігінің "BBB -"-дан "A-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің қарсы кепілдерімен ( кепілдіктерімен); Standard&Poor's агенттігінің "A-"-дан "AA-"-ға дейінгі деңгейдегі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар банктердің кепілдерімен (кепілдіктерімен); Standard&Poor's агенттігінің "AA-" деңгейіндегі және одан жоғары деңгейдегі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар заңды тұлғалардың кепілдерімен ( кепілдіктерімен) және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистерімен; Standard&Poor's агенттігінің "BBB -"-дан "A-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің | 50 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің бағалы қағаздарымен; Standard&Poor's агенттігінің "А-"-дан "АА-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар банктердің бағалы қағаздарымен; Standard&Poor's агенттігінің "АА-"деңгейіндегі және одан жоғары деңгейдегі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар заңды тұлғалардың бағалы қағаздарымен толық қамтамасыз етілген | | |
| 13 | Банк аккредитивтері, олар бойынша міндеттемелер: Standard &Poor's агенттігінің "ВВВ-"-дан " А-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің қарсы кепілдерімен ( кепілдіктерімен); Standard&Poor's агенттігінің "А-"-дан "АА-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар банктердің кепілдерімен ( кепілдіктерімен); Standard&Poor's агенттігінің "АА-" деңгейіндегі және одан жоғары деңгейдегі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар заңды тұлғалардың кепілдерімен (кепілдіктерімен) және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистерімен; Standard&Poor's агенттігінің "ВВВ -"-дан "А-"-ға дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет | 50 | |

| | | |
|---|---|---|
| | мемлекеттердің орталық үкіметтері мен орталық банктерінің бағалы қағаздарымен; Standard&Poor's агенттігінің "А-"-дан "АА-"-ға дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар банктердің бағалы қағаздарымен; Standard&Poor's агенттігінің "АА-" деңгейіндегі және одан жоғары деңгейдегі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар заңды тұлғалардың бағалы қағаздарымен толық қамтамасыз етілген | |
| IV топ | | |
| 14 | Банкке сату туралы және банктің қаржы құралдарын кері сатып алу міндеттемесімен келісім | 100 |
| 15 | Банктің өзге де кепілдері ( кепілдіктері) | 100 |
| 16 | Банктің өзге де аккредитивтері | 100 |
| 17 | Банктің өзге де шартты (ықтимал) міндеттемелері | 100 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК